

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
Ғұмарбек Дәукеев атындағы  
**АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА**  
**ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС**  
**УНИВЕРСИТЕТИ**  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

050013, Алматы қ., Байтұрсынұлы к-сі, 126/1  
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57  
e-mail: aues@aes.kz



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
**АЛМАТИНСКИЙ**  
**УНИВЕРСИТЕТ**  
**ЭНЕРГЕТИКИ И СВЯЗИ**  
имени Гумарбека Даукеева  
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ  
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

050013, г.Алматы, ул.Байтурсынулы,126/1  
тел.: 8 727 292 57 40, факс: 8 727 292 50 57  
e-mail: aues@aes.kz

### ХАТТАМА

«4 » кесүмнүз 2020 ж./г.

### ПРОТОКОЛ

№ 3

## АӘжБУ Тұлектер қауымдастыры Қамқоршылар кеңесінің отырысы

Алматы қ.

Қамқоршылар кеңесі мәжілісінің өтетін орны: Алматы қаласы, Байтұрсынұлы көшесі 126, «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес АҚ, «A» ғимараты, № 213 бөлме.

Қамқоршылар кеңесі мәжілісінің өтетін уақыты: 2020 жылдың 4 наурызы сағ. 15:00.

Қамқоршылар кеңесінің мүшелері: 28 адам, соның ішінде дауыс беру құқы бар 23 адам.

Қамқоршылар кеңесінің 10 мүшесі қатысты, сонымен қатар күн тәртібіндегі мәселерді сырттай дауыс беру арқылы шешуге қатысты: (У.Т. Каршегенов, Б.К.Оспанов, Т.Е. Батталханов, М.Г. Гамбургер) бюллетендер қоса берілді (келу парағы қоса берілді).

Қамқоршылар кеңесінің тәрағасы Аскар Кежекович Искаков күн тәртібін жариялады. Жиналым бар.

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қамқоршылар кеңесі құрамының жаңа мүшелерін бекіту.
2. Студенттердің екінші семестрдегі атаулы стипендияларын қарau және бекіту.
3. АӘжБУ тұлектерінің жетекшілігіндегі ұйымдармен, мекемелермен бірлескен өзара тиімді шарттар жасау.
4. Университеттің жаңа білім беру бағдарламаларын және Тапсырыс беруші-кәсіпорындардың, серіктестердің қатысуымен оларды жетілдіру перспективасын қарастыру. Институт директорларының қызметін бағалау.
5. АӘжБУ тұлектерінің кездесуі күніне арналған салтанатты жиналысты, университеттің 45 жылдық мерейтой шараларын өткізу жоспары мен 000499 учениктерин қарастыру.

## 6. Эртүрлі.

Процедуралық мәселелерді шешу: күн тәртібін және шешімдер қабылдау тәртібін бекіту.

### **Қамқоршылар кеңесі ШЕШТІ:**

I. Келесі күн тәртібі бекітілсін:

1. Қамқоршылар кеңесі құрамының жаңа мүшелерін бекіту.
2. Студенттердің екінші семестрдегі атаулы стипендияларын қарау және бекіту.
3. АЭжБУ түлектерінің жетекшілігіндегі ұйымдармен, мекемелермен бірлескен өзара тиімді шарттар жасау.
4. Университеттің жаңа білім беру бағдарламаларын және Тапсырыс беруші-кәсіпорындардың, серіктестердің қатысуымен оларды жетілдіру перспективасын қарастыру. Институт директорларының қызметін бағалау.
5. АЭжБУ түлектерінің кездесуі күніне арналған салтанатты жиналысты, университеттің 45 жылдық мерейтой шараларын өткізу жоспары мен ұсыныстарын қарастыру.
6. Эртүрлі.

Дауыс беру нәтижелері: Жақтаған - 10 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

### **1. Қамқоршылар кеңесінің жаңа құрамын сайлау және ҚК құрамын бекіту**

Осы мәселе бойынша Қамқоршылар кеңесінің төрағасы Аскар Кежекович Искаков сөз сөйледі, ол Түлектер қауымдастырының еріктілік, өзін-өзі басқару, заңдылық және жариялышық негізінде әрекет ететіндігін атап өтті.

Қамқоршылар кеңесі құрамына келесі кандидатураларды енгізууді ұсынды:

1. Айдар Чарльзович Беркимбаев, «Алматыжылукоммунэнерго» ЖШС бас директоры;
2. Гульнара Батжановна Исабекова, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ техникалық қызметтер басқармасының бастығы;
3. Аманжол Курманалиевич Турлыбеков, «Энергия» КазНИПИИТЭС коммерциялық директоры.

Әр үміткердің түйінде месіт қоса берілді.

Мәселе талқыланғаннан кейін, дауыс беруге ұсынылды:

Дауыс беру нәтижелері: Жақтаған - 10 адам, қарсы – жоқ, қалыс қалған – жоқ.

Ашық дауыс беру нәтижелері бойынша:

1. Айдар Чарльзович Беркимбаев, «Алматыжылукоммунэнерго» ЖШС бас директоры;
2. Гульнара Батжановна Исабекова, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ техникалық қызметтер басқармасының бастығы;
3. Аманжол Курманалиевич Турлыбеков, «Энергия» КазНИПИИТЭС коммерциялық директоры Қамқоршылар кеңесінің мүшелері болып бекітілсін.

## **2. 2019/20 оқу жылшының екінші семестрде мұқтаж студенттерге атаулы стипендиялар қарастыру және бекіту**

Күн тәртібі мәселесі бойынша Ғылым және инновациялық қызметтер проректоры Алмаз Абжалиевич Саухимов сөз сөйледі, ол төмендегі тұлғалардың атынан тұрмысы төмен отбасынан шыққан мұқтаж студенттерге 2 атаулы шәкіртақы тағайындалғанын хабарлады:

1. «АӘжБУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Серикбек Дәүкей Жусупбекович атынан – 147 000 теңге мөлшеріндегі сома;
2. ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Мемәнергобақылау мониторингі және талдау бастығы Бауыржан Курмангалиевич Айтжанов және 2009-2017 жж. АӘжБУ Бітірушілер-қамқоршылар кеңесінің жауапты хатшысы Даны Курмангалиевна Иментаева атынан 105 000 теңге мөлшеріндегі бірлескен салым.

Ай сайын мемлекеттік стипендия көлеміндегі 21000 теңгеге ЖӘЖТИ, БЖАТИ студенттерінің кандидатуралары ұсынылады (Институттар кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді-көшірме қоса берілді).

Басқару жүйелері және ақпараттық технологиялар институтынан GPA нәтижелері бойынша 5B070200 - Автоматтандыру және басқару мамандығының АБ-16-6 тобының 4-курс студенті Акимжан Әділжанұлы Курбанов ұсынылды, ол грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы - жетім, оқу кезеңінде орташа балы GPA-3,61 құрайды.

Жылу энергетика және жылу техника институтынан 6B11201- Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау ББ-ның БЖДк-16-6 тобының 1-курс студенті Бекслан Куанышұлы Нұрқуат ұсынылды, ол ақылды негізде оқиды, көп балалы отбасынан шыққан, жатақханада тұрады, оқу кезеңінде орташа балы GPA-2,18 құрайды.

«АӘжБУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Серикбек Жусупбекович Дәүкей Басқару жүйелері және ақпараттық технологиялар институтының СИБк-19-1 тобының студенті Әділ Дулатұлы Калиевке атаулы стипендияны тағайындауға бастамашылдық білдірді, ол грантта оқиды, әлеуметтік жағдайы – көп балалы отбасынан шыққан, оқу кезеңінде орташа балы GPA-2,14 құрайды.

Студенттер кандидатураларын тыңдал және талқылап, Қамқоршылар кеңесі  
**ШЕШТІ:**

2019/20 оқу жылшының екінші семестрінде ай сайын 21000 (жиырма бір мың) теңге мөлшерінде атаулы стипендия төмендегілерге бекітілсін:

- 1.1. БЖДк-19-1 тобының студенті Бекслан Куанышұлы Нұрқуатқа ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Мемәнергобақылау мониторингі және талдау бастығы Бауыржан Курмангалиевич Айтжанов және 2009-

- 2017жж. АЭжБУ Бітірушілер-қамқоршылар кеңесінің жауапты хатшысы Дана Курмангалиевна Иментаева атынан;
- 1.2. СИБк-19-1 тобының студенті Әділ Дулатұлы Калиевке «АЭжБУ» КеАҚ Директорлар кеңесінің тәрағасы Серикбек Жусупбекович Дәүкей атынан;
  2. Жоғарыда аталған стипендия төлемі Тұлектер қауымдастыры қорының қаражаты есебінен студенттерге стипендия берілетін күні төленсін.
  3. Бекслан Қуанышұлы Нұрқуатқа атаулы стипендия 2020 жылдың 1 ақпаны мен 30 маусымы аралығына тағайындалды деп есептелсін.
  4. Әділ Дулатұлы Калиевке атаулы стипендия 2020 жылдың 1 ақпаны мен 30 тамызы аралығына тағайындалды деп есептелсін.

Дауды беру нәтижелері: Жақтаған - 10 адам, қарсы - жоқ, қалыс қалған - жоқ.

### **3. АЭжБУ тұлектерінің жетекшілігіндегі ұйымдармен, мекемелермен бірлескен өзара тиімді шарттар жасау**

Күн тәртібі мәселесі бойынша Жылу энергетика және жылу техника институтының директоры Балжан Торепашовна Бахтияр сөз сөйледі, ол «Жылу энергетикасы» мамандығы бойынша 2,3,4-курс студенттері үшін өндірістік практикан өтуге «Алматыжылукоммуноэнерго» ЖШС-мен шарттың қол қоюға дайын түрғандығын атап өтті.

Інтымақтастық туралы шарт Қамқоршылар кеңесінің қайта сайланған мүшесі, «Алматыжылукоммуноэнерго» ЖШС бас директоры Айдар Чарльзович Беркимбаев пен АЭжБУ ректоры Сауле Саветовна Сагинтаева арасында жасалды (Шарт қоса берілді).

### **4. Университеттің жаңа білім беру бағдарламаларын және Тапсырыс беруші-кәсіпорындардың, серіктестердің қатысуымен оларды жетілдіру перспективасын қарастыру**

Осы мәселе бойынша Институт директорлары сөз сөйледі (баяндамалр қоса берілді).

Ректор Сауле Саветовна Сагинтаева білім беру бағдарламалары туралы түсінік берді. Соңғы уақытта жоғары білім жүйесіне үлкен өзгертулер енгізілді, егер бұрын біз мамандықтар бойынша дайындаған болсақ, қазір білім беру бағдарламалары (ББ) бойынша Білім беру туралы заң шенберінде берілген академиялық еркіндікке байланысты әрбір ЖОО бағыттары бойынша дайындейді, ББ өздері әзірлейді, бұрын ББ оқытушының құзыреттілігіне, олардың қажеттілігіне арналған оқу жоспарлары әзірленген, қазір әрбір үш жыл сайын жаңартылып отыратын кәсіби стандарттар әзірленуде.

Академиялық еркіндік аясында біз оқу үдерісіне қоса атқарушылардың, яғни өндіріс практикаларының 20 пайызын жұмылдыра аламыз, біз бұған мұдделіміз. Екіншіден, білім беру бағдарламаларын құру барысында жоо түлегінің білуі тиіс дағдыларын, білімін, құзыреттілігін еңбек нарығы тарапынан реттелетін кәсіби стандарттарға сүйенеміз, яғни қазірдің өзінде сіздер жұмыс беруші ретінде бізге нақты міндеттерге бағыт бере аласыздар. ББ әрдайым өзгеріп отыратын болады, олар ҚР БФМ ББ тізіліміне қосылған және ресми сайттарында жарияланып тұрады,

яғни егер бұл бағдарлама өзекті болмаса, оған ешкім түспейді, ешкім оқытылмайды және даярланбайтын болады, бізben сізге осы ББ сапалы және сұранысқа ие болғаны маңызды. Электр энергетика, Жылу энергетика бойынша АЭжБУ-дан басқа да оқу орындар мамандар даярлайтынын білеміз, олардың қалай, қай пәндер бойынша оқытатынын, қандай оқытушылардың сабак беретінін, жұмыс берушілер тарапынан қандай ұсыныстар түсетінін де білеміз. Қазіргі таңда ББ рейтингісі жүріп жатыр, ол процесте тек оқытушылардың ғана емес, жұмыс берушілердің де белсенділігі бақыланады. Өндірістегі мамандар қай мамандықтар бойынша дайындау өзекті екендігін жақсы біледі, біз бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет. Бізге сіздердің тілектеріңіз бен ұсыныстарыңыз маңызды. Мүмкін біздің жабдықтар сұранысқа сай емес шығар, егер сондай болған жағдайда бірлесіп күш салып зертханалық базаны жақсартып немесе өндіріске, практика базасына көптеген пәндерді енгізейік. Осы себепті де бұл мәселені талқыла салып отырмыз.

ҚК төрағасы А.К.Искаков ББ бағдарламасының қажет екендігіне тоқталды, өндірісте Жаймухан Максутович Медетов деген тәжірибесі мол мамандық бар екендігін және Нуржан Амангалиевич Утегулов, Борис Владимирович Артеменко 110 кВ кабель төсемі осылардың жетекшілігінде екендігін, соларды осыған жұмылдыру керектігін айта кетті.

Ректор С.С. Сагинтаева: Фарыштық техника және технологиялар, радиотехника, электроника және телекоммуникация бойынша біздің университет РОӘК болып табылады, яғни біз барлық ББ бағыттары бойынша заңнамалық сипатқа иеміз, олар Қазақстан бойынша РОӘК өтетін екі мамандық бойынша әзірленеді, бізге біздің жұмыс берушілерімізден, әсіресе Қазақтелеком, Beeline, басқа да барлық байланыс операторлары сияқты еңбек нарығының ірі өкілдерінен қолдау қажет. Осы салада жаңартулар тез орын алуда, мысалы кеше 3G болса, бұғін 4G, ертең 5G болары сөзсіз. Біз де осы лептен қалмауға күш жігерімізді салып келеміз әрине, дегенмен де Сіздердің тараптарыныздан, яғни қамқоршылар кеңесінен бізге қолдау ауадай қажет. Себебі біздің студенттер заманауи жабдықтармен және бағдарламалық қамтамасыз етудің заманауи құралдарымен жұмыс істеуі керек. Ал бағдарламалар шын мәнісінде кәсіби стандарттар негізінде құрылған.

«Алматытелеңком» РДТ Берик Абдуалиевич Толетов: Алдыңғы 5 жылда 5G іске қосылады. Жаңа толқын, жаңа белес, жаңа бағдалама. Қазіргі уақытта біз астана, алмты, шымкент бойынша сынақтар жүргізу деміз, әрине осыған сәйкес білікті мамандар да сұраныста.

Ректор С.С.Сагинтаева: Біз сіздер үшін мақсатты дайындықтар немесе екінші жоғары оқу өткізе аламыз, бакалавриат, магистратура, докторантуралар осы үш деңгейді де ұсына аламыз. Мақсатты дайындық дегеніміз сіз грант болуге міндетті емессіз, егер бөлөтін болсаңыз, онда сала оқыту нәтижесіне мүделі болады. Мақсатты оқыту – бұл нақты ББ, мұнда оқу соңында дайын маманға қол жеткізесіз. Осы ретте, сіздің үйімға не кәсіпорынға қажетті дағдыларға ие болып барады. Олар тіпті 10-15 адам болса да, дәл қазір салалық мамандар өте қажет. Нәтижесінде дайындық мақсаты байқалатын болады. Оған магистратура арқылы да қол жеткізуге болады. Сізерде телекоммуникация нарығы, бізден – ғылыми талдау, сараптама болсын. Алдағы уақытта техникалық кеңеске біздің директорды немесе кфедра

менгерушісін шақыртып, сала проблемалары мен міндегерін қарастырып, ынтымақтастық орнатайық.

Өткен жылдан бері ҚР БФМ бағыттар мен ББ топтары бойынша дайындықтар жүргізіліп жатыр, жеке гранттар бөлінуде, электр энергетика бойынша гранттар бар, ал жылу энергетика саласына грант тұры бөлінбеді. Тағы да ЖЭО сұраныстарын талқылау, осы сала студенттерінің сенімсіздігі туындарын мамандықтың қажеттілігі туралы біздің серіктестер тарапынан қолдау бар, Сіздерден жылу энергетика саласы бойынша кадрлар даярлау бойынша мәселелер өзекті екендігі туралы БАҚ жариялау, бірлескен ігі конференция шараларын өткізу бойынша қоюада қажет. Ал егер, бұл сала талқыға салынбаса, жылу энергетиктер бағыты жойылады. Ертеңгі Қазақстан үшін жылу энергетиктерді кім дайындарын? Сол себепті бірлесіп күш жұмсауымыз керек, мүмкін студенттерді, магистранттар мен оқытушыларды да осы процеске жұмылдырамыз, олар да бұл саланың сұранысқа ие екендігін, жұмысқа орналаса алатындығын, жалақысы жоғары болатынын, болашағы бар екенин түсінуі тиіс. Сіздерден қол ұшын беруіндеңді сұраймын.

«Казэнергопрофсоюз» АҚ О.Т.Бекбас: Бұл заңды тұлғаларды біріктіру – қазақстан электр энергетикалық қауымдастық (ҚЭҚ) мәселесі, оны біздің бұрынғы бітірушіміз А.Д.Куанышбаев басқарады, Энергетика министрлігіне ҚЭҚ атынан осы мамандықты қолдау туралы хат жолдау қажет. Осы ұйымдардың барлығы ҚЭҚ мүшелері болып табылады.

АӘжБУ ректоры С.Сагинтаева: Жылу энергетиканы қорғау туралы мәселені теледидарда, БАҚ-та көтеру тиімдірек, ауаны ластайтын ЖЭО ма әлде автокөліктөр ме деген сауал да бар. Біздің университет студенттері атынан жылу энергетиканы қайтару туралы членендік ұйымдастырсақ та болады. Ойластыру қажет.

Ақпараттық қауіпсіздік бойынша жұмыстар алға жылжуда. Біз Цифрлық дааму және аэроғарыштық өнеркәсіп министрлігімен бірге жұмыс жасаудамыз. Осы жылы екі жобаны жеңіп алдық, ақпараттық қауіпсіздікке көптеп қаржыландыру жүргізілуде. Барлық салалар мен электронды үкіметтер ақпараттық қауіпсіздікке байлануда. Біздің Басқару жүйелері және ақпараттық технологиялар институтының мамандықтары өзекті. Қазақтелеком да біздің гиперқауіпсіздікпен байланысты бағыт.

«Алматытелеңком» РДТ Берик Абдуалиевич Толетов: бізде гиперқауіпсіздің бөлімі бойынша тұтас бір департамент жұмыс істейді. Бұл мамандық электронды үкіметке өтумен байланысты сұранысқа ие. Кез келген кесіпорындарда бұл мамандық қажет. Болашақта осы бағыт бойынша оқыту үдерісін жетілдіру бойынша пайдалы ұсыныстар бере алу үшін бағдарламалық қамтамасыз ету бойынша БЖАТИ және ГИТКИ зертханаларына экскурсия жүргізу ұсынысы берілді.

Барлық білім беру бағдарламалары жетекші компаниялармен келісіледі, бағдарламалар мен силлабустар бітіртуші кафедра отырыстарында талқыланады.

Институт директорлары қызметіне оң баға берілді, жұмыс дұрыс бағытта жүргізіліп келеді.

**5. АӘжБУ түлектерінің кездесуі күніне арналған салтанатты жиналысты, университеттің 45 жылдық мерейтой шараларын өткізу жоспары мен ұсыныстарын қарастыру**

Осы мәселе бойынша ғылыми және инновациялық қызмет проректоры Алмас Абжалиевич Саухимов сөз сөйлемді, ол мерейтойға байланысты жоспарланған шаралар Жоспарға сәйкес өткізілетіні туралы хабарлады. БАҚ жарияланатын екі ірі шара олар – 2020 жылдың 30 мамырындағы Түлектер кездесуі, әдеттігідей мамыр айының соңғы сенбісінде өтізіледі. Бұл жылы ерекше бағдарламалар болмақ, соған сәйкесті банкет ұйымдастырылуда, барлық шакыртулар таратылды, шара күнтізбесі сайттың қамқоршылар кеңесі бөлімінде жарияланған. 2020 жылдың 16-18 қазанында «Жоғары білімдегі энергетика, телекоммуникация және IT технологиялар» Х-Халықаралық конференция өткізіледі, біруыздан белсенді қатысуларыныңды сұраймын.

40-тан астам шараларды барлық институттар Жоспарға сәйкес өткізеді. Шара барысында сатылатын және сыйлыққа берілетін АЭжБУ 45 жыл белгісі бар бренд өнім әзірленді. АЭжБУ тарихы үлкен кітабын шығару, музей ашу жоспарланып отыр, барлық материалдар дайын. Егер музейге немесе кітапқа қызықты ақпараттар беретін экспонаттар болса, бітірушіні бір жолға қосуға болады, кітап шығару бойынша демеушілер бола алады.

Хабарлама мәліметке алынды.

## **6. Әртүрлі. АЭжБУ құрамасының EGO-Marathon SHELL.2020, Малайзия жобасына қатысусы туралы**

Shell eco-marathon Asia - Халықаралық білім бер жобасы, ол студенттік құрамалардың автокөліктердің инновациялық конструкциясын жобалау, құру және зерттеу аясында инновациялық энергетикалық тиімді шешімдерді іздеуге бағытталған.

«АЭжБУ» КеАҚ Фарыштық инженерия және телекоммуникациялар институтының 10 адам құрамындағы студенттер құрамасы құрылымның жетілдірілген моделі - электронды автомобиль прототипінің презентациясымен сөз сөйлемді, олар өткен жылы Shell eco-marathon Asia , Малайзия жобасына қатысқан болатын.

Жобаны толық жүзеге асыру және «АЭжБУ» КеАҚ құрамасының алға басуы үшін бюджеттік толықтырулар және демеушілік қолдау қажет. Shell гранты да бар. Енді 7 миллион теңге керек.

А.А.Саухимов: Университет өткен жылы бұл Жобаны қолданған болатын, ендігі мәселе Қамқоршылар кеңесінің қаншалықты қолдай алатындығында болып тұр, мүмкін әр кәсіпорын қандай д бір бөлігін алар, себебі сома өте қомақты, құрылтайшылармен сөйлесу керек. Осы Жобаны жүзеге асыру үшін демеушілік көмек көрсету туралы хаттар қамқоршылар кеңесінің мүшелеріне наурыз айының сонына дейін жіберу шешімі талқыланды және қабылданды.

Бірауыздан қабылданды.

Қатысушылар тарапынан жобаны, эмблеманы, демеушілердің логотиптерін демеушілік ететін компанияның толық пиары қамтамасыз етіледі.

ҚК төрағасы Аскар Кежекович Искаков өзінің қорытынды сөзінде қамқоршылар кеңесі болашақта өз қызметін, соның ішінде Алма-матерге техникалық және қайырымдылық көмегін жетілдіруді жоспарлап отырғанына тоқталды.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы

Қамқоршылар кеңесінің  
жауапты хатшысы



А.Искаков



Г.Смагулова